

**6D011400 — «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін Токишкадиев Ботабек Бейбитбековичтің «XX ғ. 20-30  
жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының  
ыдырау тақырыбын «Қазақстан тарихы» курсында оқыту әдістемесі»  
тақырыбында дайындалған диссертациясына**

**ПКІР**

Казіргі кезде Қазақстанның ұлттық жаңғыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі – еліміздің тарихын толық әрі жан-жақты зерттеу болып табылады. Әсіресе, еліміздің әртүрлі аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның халық түрмисіна әсері туралы мәселелерді зерделеу, тәуелсіз мемлекеттің тарихи мұрасын сақтау мен оны жаңа көзқараспен қайта бағалау маңызды міндеттердің бірі саналады.

Токишкадиев Ботабек Бейбитбековичтің «XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы» тақырыбына арналған «Қазақстан тарихы» курсында оқыту әдістемесі атты диссертациялық зерттеуі қазақ халқының аграрлық секторындағы маңызды тарихи оқиғаларды қарастырумен бірге, осы тақырыпты білім беру процесінде тиімді қолдану жолдарын да талдаған. Диссертацияда Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы кезеңі, оның экономикалық, әлеуметтік және мәдени салдарлары жан-жақты зерттеліп, оқыту әдістемесі мен әдіс-тәсілдері ұсынылған.

Зерттеудің кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, зерттеу мақсаты мен міндеттері айқын көрсетілген. Автор, XX ғасырдың 20-30 жылдарында Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырауына себепші болған саяси және экономикалық реформаларды, сондай-ақ олардың халықтың түрмисіна тигізген әсерін ашып көрсету арқылы маңызды тарихи деректерді зерттеп, сол кезеңді қазіргі заман тұрғысынан түсіндіруге тырысқан. Тақырыпты ғылыми айналымға енгізу мақсатында архив деректері және басқа да тарихи құжаттар қолданылған. Мұның бәрі зерттеудің дереккөздерін сенімді әрі толық етеді.

Зерттеу жұмысы барысында автор Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі мен оның салдарын терең талдап, сол кезеңдегі ұжымдастыру мен экономикалық реформалардың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қалай әсер еткенін анықтаған. Бұл ғылыми жұмыстың маңыздылығы – тек өткен тарихты зерттеп қана қоймай, осы мәселені қазіргі заман тұрғысынан бағалау болып табылады. Оқушылар мен студенттерге Қазақстан тарихының күрделі мәселелерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, диссертацияның екінші бөлімінде Қазақстан тарихы курсында осы тақырыпты оқыту әдістемесіне ерекше көніл бөлінген. Автор Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырауын талдай отырып, оқыту барысында тарихи құжаттарды қолдану жолдары мен әдіс-тәсілдерін ұсынып, «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту процесінде жаңа әдістемелік тәсілдер енгізу қажеттілігін көрсеткен. Бұл бағыттағы зерттеулер қазіргі заманғы білім беру саласында үлкен маңызға ие.

Зерттеудің үшінші бөлімінде автор Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі мен тарихты оқытуда пайдаланылатын құралдарды тиімді қолдану тәсілдеріне тоқталған. Тақырыпты оқытудағы тәжірибелік маңыздылығы жоғары, себебі ол жоғары оқу орындарында «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда, сондай-ақ аймақ тарихына қатысты арнайы курстар жүргізу барысында қолдануға болатын жаңашыл әдіс-тәсілдерді ұсынады.

## Диссертацияның ғылыми нәтижелері

Ғылыми-зерттеу жұмысының барысында төменлегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау себептері жаңақты талданды. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы аграрлық реформалар, оның ішінде ұжымдастыру саясаты, мал шаруашылығының күйреуіне себепші болған негізгі факторлар анықталған..
2. Ұжымдастыру саясатының аймақта тигізген әсері зерттелді. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің халықтың тұрмыс жағдайына тигізген ықпалы мен соған байланысты туындаған қайшылықтар, оның ішінде мал шаруашылығының экстенсивті дамуының шектелуі мен оның экономикалық дағдарысқа ұшырауы жан-жақты қарастырылған.
3. Тарихи деректерді пайдалану әдіс-тәсілдері айқындалды. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша бұл тақырыпты оқытуда пайдаланылатын тарихи деректер, архив құжаттары мен статистикалық мәліметтерге негізделген материалдар жүйеленіп, студенттерге осы мәселелерді түсіндірудің тиімді әдістемелік жолдары ұсынылған.


## Диссертацияда берілген тұжырымдар мен қорытындылар:

1. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесінде жаңа көзқарас қалыптастырылды. Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауын терең зерттеу арқылы автор оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін ұсынып, осы тақырыптың оқу үрдісіне енгізілуінің маңыздылығынға тоқталған.
2. Ұжымдастыру мен аграрлық реформалар туралы тарихи деректер мен құжаттарды пайдалану арқылы студенттерге тарихи шындықты түсінуге және талдауға мүмкіндік беретін әдістемелер берілген.
3. Қазақстан тарихы пәнін оқытуда практикалық ұсыныстар берілді. Шығыс Қазақстанның аграрлық тарихы мен мал шаруашылығының ыдырауы тақырыбын оқыту барысында білім беру бағдарламаларына интеграциялау, қазіргі заманғы оқыту әдістерін қолдану бойынша нақты ұсыныстар жасалған.

Қорытындылай келе, Токишкадиров Ботабек Бейбитбековичтің «XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы» тақырыбы бойынша жазылған диссертациялық жұмысы өзінің ғылыми және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Жұмыс ғылыми-зерттеу жұмысының талаптарына толық жауап береді және Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі саласында бағалы үлес қосады. Сондықтан, диссертация қорғауға ұсынылып, Токишкадиров Ботабек Бейбитбекович 6D011400 — «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп санаймын.

## Пікір берген:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Тарих және дінтану кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы



05.03.2025 ж.